

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

16 сәуір 2020 жыл

KASE биржалық нарықтың 2020 жылдың 1-ші тоқсанындағы жұмыс қорытындыларын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2020 жылдың 1-ші тоқсанындағы биржалық нарықтың жұмыс нәтижелерін ұсынады.

- KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 1-ші тоқсанда 32 005,2 млрд теңгені құрап, қаңтар айымен салыстырғанда 0,8 % немесе 265,7 млрд теңгеге өсті.
- Шетел валюталары нарығында сауда-саттық көлемі 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 23,4 % өсіп, 3 165,2 млрд теңгеге жетті.
- 1-ші тоқсанның қорытындысы бойынша ақша нарығының мөлшерлемелері өсі. MM Index жылдық 13,28 % деңгейіне жетті (+322 б.п.), TONIA 319 б.п. өсіп, жылдық 13,25 % құрады.
- 2020 жылдың басынан бастап акциялар нарығының капитализациясы 3,1 % азайып, 16,7 трлн теңгені құрады.
- KASE Индексінің мәні 5,9 % төмендеп, 2 224,17 нүктені құрады.
- KASE ресми тізіміне жеті эмитенттің облигацияларының 18 шығарылымы енгізілді, олардың екеуі алғашқы рет листингтен өтті.
- Саудаланатын корпоративтік борыштық көлемі 14,6 % өсіп, 13,9 трлн теңгені құрады.
- 2020 жылдың 01 сәуіріндегі жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 183 эмитентпен шығарылған, 446 атаудағы бағалы қағаздар болды.
- 2020 жылдың 01 сәуіріндегі жағдай бойынша Орталық депозитарийде 119 361 жеке тұлғаларға ашылған жеке шоттар болды, бұл 2020 жылдың басындағы санынан 1 666 шотқа артық.

ӨЗЕКТІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2020 жылдың 1-ші тоқсанында KASE келесі жобалар жүзеге асырды:

- KASE қолдауымен 2020 жылдың 12 наурызында Cbonds "Қазақстан Республикасының борыштық нарығы" IV дөңгелек үстелі өткізілді. KASE Басқармасының Төрайымы Алина Алдамберген Қазақстанның бағалы қағаздар нарығының инфрақұрылымы мен реттеуіне арналған 1-ші сессияны модельдеді. Екінші сессияның модераторы KASE Басқарма Төрайымының орынбасары Наталья Хорошевская болды, бұл сессияның аясында Қазақстанның облигациялар нарығының ең өзекті және актуалды сұрақтары талқыланды.
- KASE 2020 жылдың 05 наурызында сауда-саттық алаңында қамтылмаған купондық облигациялардың шығарылымы аясында "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ еурооблигацияларын орналастыру аясында Road Show өткізілді.
- KASE Young Presidents' Organization Kazakhstan (YPO Kazakhstan) бірлесе отырып, 2020 жылдың 04 наурызында БҰҰ "Тұрақты ор биржалары" бастамасы және "БҰҰ әйелдер" құрылымының бастамасының аясында "Ұйымның тұрақты дамуы: гендерлік теңдік"

конференциясын және Биржаның қор нарығында Ring the Bell for Gender Equality саудасаттықтар ашу рәсімін өткізді. KASE БҰҰ Бастамасына 2015 жылдың 24 қыркүйегінде қосылған. Осы акцияға дүние жүзі бойынша жылда 70 жуық биржалар қатысады.

- 2020 жылдың 27 ақпанында KASE "Қазақстанның Тұрғынүйқұрылысбанкі" АҚ Басқармасының Төрайымы Ләззат Ибрагимованың қатысуымен "KASE Talks" жобасы шегінде ашық лекциясын өткізді.
- KASE 2020 жылдың 25 ақпанында Назарбаев Университетінің "Master of Science in Finance" бағдарламасының магистранттарына арналған таныстыру семинарын өткізді. Семинар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "ҚРҰБ Оқу орталығы" АҚ базасындағы "Назарбаев Университет" ААҚ Бизнесінің жоғарғы мектебімен ынтымақтастықта өткізілді.
- 2020 жылдың 18 ақпанында Тараз қ. KASE Жамбыл облысының әкімдігімен бірлесіп, Қазақстан ор нарығында қаржы тарту мүмкіншіліктері туралы ждөңгелек үстел ткізілді.
- KASE 2020 жылдың 05 ақпанында қазақстандық компаниялардың қызметкерлерінің отандық қор нарығы туралы хабардарлығын арттыру мақсатында "Қор нарығының негіздері" тақырыбына ақпараттық-түсіндіру семинарын өткізді.
- 2020 жылдың 31 қаңтарында KASE негізінде "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ (ҚДБ) теңгемен деноминацияланған еурооблигацияларын орналастыру аясында Road Show өткізілді.
- 2020 жылдың 29 қаңтарында KASE Tengri Partners бірлесіп, Қазақстанда Purchasing Managers' Index (Индекс PMI) іскерлік белсенділік индексіні енгізуге арналған брифинг өткізді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

1-ші тоқсанның қорытындысы бойынша акциялар нарығының капиталға айналуы 3,1 % (долларлық көрсетілімде -17,5 %) немесе 526 млрд теңгеге (7,9 млрд. USD) төмендеп, 16,7 трлн теңгені (37,3 млрд. USD) құрады.

Наурыз айының соңында KASE сауда-саттық тізімдерінде 123 эмитенттің 139 атаудағы акциялары тұрды, олардың үш шығарылымы "листингілік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберілген.

Жылдың басынан бастап Биржаның ресми тізіміненекі атаудағы акциялар шығарылды: Ferro-Alloy Resources Limited – "Standard" Сақтандыру компаниясы" АҚ эмитенттің бастамасымен – шығарылымның жойылуына байланысты. Жаңа акциялар ресми тізімге енгізілген жоқ.

Үш айдағы акциялар сауда-саттықтарының көлемі 25,4 млрд. теңге болып, 2019 жылдың тиісті көрсеткішімен салыстырғанда 3 % немесе 746,5 млн теңгеге өсті. Сауда-сатықтың орташа күндік көлемі 437,6 млн теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 551, бір мәміленің орташа көлемі – 0,8 млн теңге. Бастапқы нарықта орналастырулар болған жоқ.

Акциялармен жасалған мәмілелердің жиынтық көлеміндегі инвесторлардың негізгі санаттары бойынша жеке тұлғалардың үлесі – 49,2 %. Екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ) үлесі – 1,1 %, брокер-дилерлердің үлесі – 20,4 %, басқа институционалдық инвесторлар – 5 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 24,4 %. Резидент еместердің қатысуы – 15,5% шамасында болды.

KASE ИНДЕКСІ

2020 жылдың 1-ші тоқсанының қорытындысы бойынша KASE Индексі 5,9 % төмендеп, 2 224,17 нүктені құрады. Төмендеудің басым бөлігі ақпан айында болды. Сыртқы нарықтардың жоғары волатильділігіне қарамастан, наурыз айын индикатор плюспен (+0,1 %) аяқтады. Салыстырмалы түрде 2020 жылдың қаңтар-наурыз айларында Dow Jones Индексі 23,2 % төмендеп, 1987 жылдан бері максималды тоқсанды құлау болды. S&P 500 Индексі осы кезеңде 20 % төмендеді – 2008 жылдан беру ең нашар тоқсандық көрсеткіш болды. Мәскеу биржасының индексі де 20 % төмендеді.

2020 жылдың 1-ші айында KASE Индексі сыртқы (макрэкономикалық конъюнктура) және ішкі факторлардың (корпоративтік уақиғалар) ықпалымен түрлі бағытта қозғалды. Бірнеше рет

KASE Индексі 200-күндік жылжымалы орташа мән деңгейінен жоғары бекітілді. Қаңтар айының ортасында индикатор 2018 жылдың шілде айынан бері максималды мәнге жетті. Ұқсас деңгейлерді индикатор ақпан айының ортасында да тестіледі. Сыртқы экономикалық фон жағымды бола бастады, кең ауқымды нарықтың америкалық қор индекстері, коронавирустың салдарынан дүниежүзі экономикасының бәсеңдеуі қатеріне қарамастан, тарихи максимумдарды жаңартты, шикізат нарықтар қалпына келе бастады. Алайда, жаһандық нарықтардағы негативті көңіл-күйдің күшеюімен, мұнай бағасының 50 % астам құлауымен, дүниежүзілік рецессиясы тәуекелінің жақындауымен ұлттық валютаның АҚШ долларына бағамының әлсіздеуімен, индикатор түсе бастады. Осылайша, талданып отырған кезеңде екі қарсылаамсудың екі анық деңгейі – 2400 және 2250 нүкте, сондай-ақ, 2200 нүкте белгісінде өолдау деңгейі белгіленді.

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағаның өзгеруі		
		01.02.2020	01.03.2020	2020 ақпанында
"Кселл" АҚ	KCEL	2 330,00	2 500,00	+7,3%
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	226,10	239,38	+5,9%
"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атомдық компаниясы" АҚ	KZAP	5 218,00	5 50,00	+5,4%
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 624,00	1 685,00	+3,8%
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	27 100,00	27 000,00	-0,4%
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	1 035,90	904,87	-12,6%
"Қазақстан халық жинақ банкі" АҚ	HSBK	131,00	103,99	-20,6%
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	2 630,02	1 942,51	-26,1%

Индекстік акциялармен жасалған мәмілелер саны 23,7 млрд теңгені құрады, өткен жылдағы тиісті кезеңдегі көрсеткіш 8,9 млрд теңге болды. Мәмілелердің ең үлкен көлемі KAZ Minerals PLC акцияларымен болды. Осы бағалы қағаздармен жасалған мәмілелердің жоғары көлемі осы бағалы қағаздардың шикізат нарықтарындағы тұрақсыздық жағдайындағы Лондон қор биржасындағы (LSE) және KASE жоғарғы волатильділігімен байланысты.

2020 жылдың 1-ші тоқсанындағы өсім көшбасшысы "Кселл" АҚ бағалы қағаздары болды. Компания акцияларының негізгі өсім драйвері деп екі факторды атауға болады: 2019 жылдың қорытындысы бойынша оң қаржылық нәтижелер және 2020 жылдың соңына дейін екі басқа ұялы байланыс операторларымен ("Мобайл Телеком-Сервис" ЖШС және "Кар-Тел" ЖШС) бірлесіп, желі құрылысы мен Қазақстанның ауыл аймақтарында мобильді интернетті қамтамасыз ету үшін частоталарды пайдалану туралы жаңалық болды.

Есептік кезеңдегі KASE Индексінің төмендеуінің негізгі факторлары "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ және жай акцияларының қозғалысы болып табылды, олардың индекстің қоржынындағы үлесі 15 % құрайды. Осылайша, индекстік қоржынды құрайтын, үштен бір бөлігі 20 % астам арзандады. Осы екі бағалы қағаздар LSE саудаланатынын айта кеткен жөн. Қос листингті тбар бағалы қағаздардың құны индекстік қоржынның басқа бағалы қағаздарымен салыстырғанда, елеулі төмендегені батыс нарықтарының жоғарырақ волатильділігінен және, екі сауда-саттық алаңдарында бағалардың консолидациясына акеп соқтырған, нарыққа қатысушыларыны арбитраждық операциялар өткізуіне байланысты болды.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ НАРЫҒЫ

1-ші тоқсанның соңында корпоративтік борыштың сауда-саттық көлемі 1-ші тоқсанда 14,6 % немесе 1 774,4 млрд теңгеге өсіп, 13,9 трлн теңгеге (31 млрд USD) жетті.

01 сәуірдегі жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 72 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 264 шығарылымы болды. Жылдың басынан бастап KASE ресми тізіміне жеті эмитенттің облигацияларының 18 шығарылымы енгізілді: "Бастапана" Ипотекалық ұйымы" АҚ екі шығарылымы, ВТБ Банк (қазақстан) АҚ Еншілес ұйымының 10 шығарылымы, "Қазақстандық Ипотекалық Компаниясы" Ипотекалық ұйымы" АҰ екі шығарылымы, "FIVE

BROKERS' CAPITAL" АҚ, "СевКазЭнерго" АҚ, LLOYDS BANK PLC және "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ бір-бір шығарылымдары.

Жылдың басынан бастап KASE ресми тізімінен корпоративтік облигациялардың 10 шығарылымы алып тасталды: "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ 7 шығарылымы, "СевКазЭнерго" АҚ және "ForteBank" АҚ бір-бір шығарылымдары – айналыста болу мерзімі аяқталуына байланысты, "ҚАЗЭКСПОРТАСТЫҚ" Холдингі» АҚ – дефолтқа жол бергені үшін.

KASE_BMY корпоративтік облигациялардың кірістілік индексінің мәні 36 базистік нүктеге өсіп, жылдық 11,20 % құрады.

1-ші тоқсанда Биржадағы корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық көлемі 289,4 млрд теңгені құрап, 2019 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 77,1 % немесе 971,9 млрд теңгеге азайды. Бастапқы нарықта да (68,3 %-ға), сондай-ақ қайталама нарықта да (89,2 %-ға) төмендеу байлақлы. Осыншама төмендеу 2019 жылдың 1-ші тоқсанында болып өткен ірі мәмілелердің жасалуына байланысты болды.

Сауда-саттықтардың орташа күндік көлемі 5 млрд теңгені құрады, орташа күндік мәмілелер саны – 7, бір мәміленің орташа көлемі – 738,2 млн теңгені құрады.

Барлығы Биржада 7 эмитенттің облигацияларының 12 шығарылымы орналастырылды. Қаржы тартудың жиынтық көлемі 232,8 млрд теңгеге жетіп, 68,3 % немесе 502,7 млрд теңгеге азайған. Есептік кезеңде:

- "Баспана" Ипотекалық ұйымы" АҚ өзінің KZ2C00006328 (BASPB5), KZ2C00006336 (BASPB6) және KZ2C00006484 (BASPB8) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі тиісінше жылдық 10,74 %, 10,70 % және 10,70 % орналастырып, 79,5 млрд теңге қаржы тартты;
- "ҚазАгроҚаржы" АҚ өзінің KZ2C00006385 (KAFIB9) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі жылдық 13,00 % орналастырып, 4,9 млрд теңге қаржы тартты;
- "Көтерме-бөлшек сауда кәсіпорны" АҚ өзінің өтеуге дейін мерзімі 6,5 жыл KZ2C00004539 (ORPTb1) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,4994 % орналастырдып, 150,3 млн теңге қаржы тартты;
- "ТехноЛизинг" ЖШС өзінің өтеуге дейін мерзімі 3,8 жыл KZ2P00006299 (THLZb1) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі жылдық 16,00 % орналастырдып, 405,2 млн теңге қаржы тартты;
- "СевКазЭнерго" АҚ өзінің KZ2C00006500 (SKENb3) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі жылдық 13,75 % орналастырдып, 5,0 млрд теңге қаржы тартты;
- "First Heartland Jysan Bank" АҚ өзінің KZ2C00002913 (TSBNb27) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі жылдық 0,1 % орналастырдып, 15,0 млрд теңге қаржы тартты;
- "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ өзінің 13-айлық тоблигацияларының 4 шығарылымын орташа сараланған кірістілігі жылдық 12,5 % орналастырдып, 129,2 млрд теңге қаржы тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында ЕДБ үлесі – 34,9 %, брокер-дилерлердің үлесі – 2,4 %, басқа институционалдық инвесторлар – 48,5 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 14,2 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,1 %. Резидент еместердің қатысу үлесі 0,1 % құрады.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 89,2 % немесе 56,5 млрд теңгеге төмендеп 469,31 млрд теңгені құрады.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 9,6 %, брокер-дилерлердің үлесі – 4,9 %, басқа институционалдық инвесторлар – 17,2 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 66,6 %, жеке тұлғалардың үлесі – 1,7 % болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 1 % аспады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналы бойынша сомасы 13,9 трлн теңгені құрап (31 млрд USD), жылдың басынан бастап 903,4 млрд теңгеге немесе 7 % артты.

KASE МБҚ сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 831,5 млрд теңгені құрап, 2019 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда шамамен 2 есе (+79,4%), яғни, 367,9 млрд теңге өсті. Наурыз айында рекордтық көлем – 553,9 млрд теңге болды, бұл ақпан айындағы көрсеткіштен 6 есе артық.

1-ші тоқсанның қорытындысы бойынша сауда-саттықтардың орташа күндік көлемі 14,3 млрд теңге болды (қайталама нарықта – 5,1 млрд теңге); орташа күндік мәмілелер саны – 5 (қайталама нарықта – 4); бір мәміленің орташа көлемі – 2,8 млрд теңге (қайталама нарықта бір мәміленің орташа көлемі – 1,3 млрд теңге).

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 46,4% өсіп, 533,7 млрд теңгені құрады, олардың ішінде 23,4 млрд теңгені төрт облыстың және Нұр-Сұлтан қаласының әкімдіктері тартты. Қаржы министрлігі өтеуге дейін мерзімі 2 жылдан 15 жылға дейін 9 шығарылымын орналастырып, жылдық 9,47–12,0%-бен 510,3 млрд теңге тартты. Наурыз айында орналастырулардың көлемі 276,3 млрд теңгені құрады, олардың 263 млрд теңгесін Қаржы министрлігі және 13,4 млрд теңгесін әкімдіктер тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша бастапқы нарықта ЕДБ үлесі – 9,3 %, брокер-дилерлердің үлесі – 0,1 %, басқа институционалдық инвесторлар – 86,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 4,4 % құрады.

МБҚ қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі үш есе өсіп, 297,8 млрд теңгеге жетті. Ұлттық Банктің ноталарының сауда-саттықтарының үлесі бұрынғыдай жоғары деңгейде – сауда-саттықтың жалпы көлемінен 99 % құрады. Шет мемлекеттердің МБҚ жасалған мәмілелердің көлемі 362,8 млн теңгеге жетті

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 43,6 %, брокер-дилерлердің үлесі – 0,2 %, басқа институционалдық инвесторлар – 53,6 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 2,6 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,03 % болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 4,1 % болады.

ХҚҰ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есептік кезеңнің соңына қарай KASE сауда-саттық тізімдерінде бес халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының 30 шығарылымы болды: Азиялық даму банкі, Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкі, Еуропалық инвестициялық банк, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC).

2020 жылдың 1-ші тоқсанында ХҚҰ ижаңа бағалы қағаздары енгізілген жоқ. Аяқталған кезеңде сауда-саттық көлемі 816,9 млн теңге болды. Барлық мәмілелер қайталама нарықта жасалған. 2019 жылдың 1-ші тоқсанында сауда-саттық көлемі 103,3 млрд теңгеге жеткен.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша брокер-дилерлердің үлесі – 50,5 %, басқа институционалдық инвесторлар – 49,5 % құрады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ҮЛЕСПҰЛДАРЫ

01 сәуірдегі жағдай бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында сегіз компанияның басқаруындағы 11 қаржы құралы болды.

Үш айдағы сауда-саттық көлемі 616,1 млн теңгені құрап, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 7 есе өскен.

Қаржы құралы	Көлемі, млн KZT	Мәмілелер саны
US_BIL_	330,1	11
CSECFe	84,9	12
CSECgm	52,3	15
IE_FXBF	47,8	41
FFIN_or	46,0	2
US_SPY_	34,2	64
ASYL_or	20,7	5
	616,1	150

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша жеке тұлғалардың үлесі – 51,2 %, брокер-дилерлердің үлесі – 29,6 %, басқа институционалдық инвесторлар – 3,8 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 15,4 %, болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 3,9 % болады.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ

2020 жылдың 01 сәуіріндегі жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атынан ашылған 119 361 жеке есеп-шоттар болды, бұл көрсеткіш 2020 жылдың басынан бастап 1 666 шотқа ұлғайған.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Шетел валюталары наурығындағы сауда-саттық көлемі 3 165,2 млрд теңгеге жетіп, өткен жылдың көрсеткішінен 23,4 % немесе 600 млрд теңгеге артық. Бұл оң тренд 2020 жылдың наурыз айындағы сауда-сатықтың 2020 жылдың ақпан айымен салыстырғанда 83,3 % және 2019 жылдың наурыз айымен салыстырғанда 83,8 % ұлғаюымен байланысты.

1-ші тоқсандағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 54,6 млрд теңгені құрады. Орташа күндік мәмілелер саны – 363 Бір мәміленің орташа көлемі 150,3 млн теңге болды.

Валюталық нарықтағы теңге үшін жағдай 1-ші тоқсанда жалпы алғанда жағымсыз қалыптасты. Оған себеп сыртқы фон, сондай-ақ оның ел ішіндегі макроэкономикалық жағдайға проекциясы болды.

Сыртқы факторлардың жалпы ықпалы теңгенің АҚШ тджолларына номиналды бағамының 17 % -ға әлсіздеуіне алып келді, бір АҚШ доллары 447,67 теңге болды.

Төмендегі кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшаның ішінде көрсеткіштің өткен жылдағы ұқсас кезеңіне қатысты өзгеруі, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгеруін көрсетеді).

KASE сауда-саттық алаңындағы валюталық жұптардың сауда-саттық параметрлерінің өзгеруі

Жұп	Көлему, валюта бірл.млн	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Базалық бірл. айырбаст. валют. мин. және макс. бағамдары	Айдың соңындағы бағам (өзг.%)
USD/KZT	7 923,86 (+17,5 %)	98,6 % (-0,6 %)	20 648 (+5 331)	375,87 – 448,50	447,67 (+17,0 %)
RUB/KZT	5 579,75 (x 3,8)	1,0 % (+0,7 %)	213 (-33)	5,3929 – 6,2032	5,7950 (-6,5 %)
CNY/KZT	116,73 (+59,7 %)	0,2 % (+0,1 %)	137 (-38)	53,4087 – 64,5200	63,1000 (+14,9 %)
EUR/KZT	11,36 (-38,5%)	0,2 % (-0,2 %)	57 (0)	406,00 – 487,00	487,00 (+13,7 %)

АҚША НАРЫҒЫ

Үстіміздегі жылдың 1-ші тоқсанында ақша нарығы, басқа нарықтардың барлығындай, жүйелі және жүйесіз шабуылдарға душар болды. Өскнен волатильділіктің негізгі себебі вирустық пандемияның қатері мен мұнайлық шок болды. Соның салдарынан белгісіздік жағдайында және өндірістік және тұтынушылық сұранымның төмендеуін күтуде, индекстер едәуір төмиендеді. Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 27,7 трлн теңгені құрап, 2019 жылдың салыстырмалы кезеңіндегі көрсеткіштен +1,4 % өсті.

Мәмілелер көлемі арқыды орташа сараланған мән болып табылатын, ақша нарығының композиттік индикаторы MM_Index, USD/KZT валюталық своп операциялары мен бір күнге ашылған автоматты репо операциялары бойынша кірістілік наурыз айының соңында 322 б.н. өсіп, жылдық 10,07 %-дан 13,28 %-ға дейін өсті.

KazPrime-3M (KZT) Индикаторы 10 наурызда 10,25 %-дан 13,5 %-ға дейін өсіп, 1-ші тоқсанның соңына дейін өзгерген жоқ.

Репо операцияларының нарығы

Осы сегменттегі сауда-саттықтар көлемі 23,6 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі көрсеткіштен 23,7 % жоғары. Repo операцияларының орташа күндік көлемі 406,3 млрд. теңге болды, орташа күндік мәмілелер саны – 482, бір мәміленің орташа көлемі – 843,1 млн теңге. Repo операцияларының елеулі бөлігі – 97% астамы МБҚ қоржынымен автоматты repo операциялары құрады.

1-ші тоқсанның қорытындысы бойынша TONIA индикаторы 319 б.н. өсіп, жылдық 13,25 % құрады. Жаңа жылдың волатильділіктен кейін ақпан айының соңына дейін салыстырмалы тұрақты болған. Бюджетке салықтар төлеу кезеңінде– 2020 жылдың 20 және 27 қаңтарында волатильділік өсті.

TWINA Индикаторы TONIA волатильділігін қайталады, бірақ амплитудасы азырақ болды, 2020 жылдың үш айындағы орташа мәні жылдық 10,1 % құрады. Көлемдері өткен жылдағы қарқындаулардан асқан жоқ. Жылдың басынан бастап TWINA 325 б.н. өсіп, жылдық 13,26 % жетті.

Валюталық своп операциялары

Валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтар көлемі 50,1 % төмиендеп, 4 129,34 млрд теңгеге жетті. Операциялардың орташа күндік көлемі 71,2 млрд. теңгені құрады, орташа күндік мәмілелер саны – 25, бір мәміленің орташа көлемі – 2,8 млрд теңге болды. Қаржы құралдарының құрылымында сауда-саттықтардың жалпы көлеміндегі 70 % (2,9 трлн теңге немесе 7,6 млрд. USD) екі күндік валюталық своптардың (USDKZT_0_002) үлесінде болды.

«Ұзын» валюталық своптармен жасалған мәмілелердің көлемі бір аптаға 10 млн USD (3,5 млрд теңге) болды және бір айға 140 млн USD (54 млрд теңге) болды. Мәмілелер бойынша кірпістілік жылдық 8,25 % – 14,5 % диапазонында түрленді.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Биржалық нарықтың деривативтер секторында судалауға, базалық активтері АҚШ доллары және KASE Индексі болып табылатын, фьючерстер қолжетімді. 1-ші тоқсанда фьючерстермен мәмілелер жасалған жоқ. Сәуір айының басында деривативтер нарығының сауда-саттыққа қатысушыларының ашылған жайғасымдары болған жоқ.

COVID-19 КОРОНАВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ ТАРАЛУЫ ЖАҒДАЙЫНДА KASE ЖҰМЫСЫ

Қазақстан Республикасының Президентінің 2020 жылдың 15 наурызындағы "Қазақстан Республикасында төтенше жағдайда енгізу туралы" № 285 өкімімен Қазақстан Республикасында төтенше жағдай енгізілді, осыға байланысты Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігер 2020 жылдың 18 наурызында "Алматы қаласында карантин тәртібін енгізу туралы" № 8 қаулысын шығарда. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2020 жылдың 27 наурызындағы № 88 және Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының 2020 жылдың 27 наурызындағы "Қаржы нарықтарының субъектілерінің жұмыс тәртіптемесі туралы" № 169 бірлескен бұйрығына сәйкес, 2020 жылдың 30 наурызынан бастап KASE жұмыс кестесі белгіленді – Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 09:00-ден 15:00-ге дейін.

Осыға байланысты 2020 жылдың 27 наурызынан бастап биржалық нарықтарында сауда-саттықтар, есеп айырысулар және клиринг өткізудің уақытша регламенті мен өткізу шарттары белгінеді. Шетел валюталары нарығындағы және валюталық своп операциялары нарығындағы сауда-саттықтар 10:15-тен 13:00-ге дейін өткізіліп, АҚШ доллары бойынша орташа сараланған бағамды аралық тиянақтау 11:00-де жүзеге асырылды. Қор нарығындағы және repo операциялары нарығындағы мәмілелер – 10:00-ден 13:00-ге дейін. Клирингтік сессияның аяқталуы 14:00-де, есеп айырысулар – 15:00-де. Деривативтер нарығында және repo қаржы құралдарымен және валюталық своптар бойынша сауда-саттықтар өткізілмейді.

KASE Қазақстан Республикасында төтенше жағдай тәртіптемесі енгізілуіне байланысты, Биржа мүшелері, листингілік бағалы қағаздарға рұқсат ету бастамашысы және аудиторлық ұйымдардың есептілікті ұсыну мерзімін төтенше жағдай тәртіптемесі барысында, сондай-ақ осы тәртіптеме алып тасталғаннан кейін 30 күнтізбелік күн бойы мерзімге ұзартты. Сонымен қатар, жыл сайынғы есептілікті рұқсат ету бастамашысының ұсыну мерзімін ұзарту, сондай-ақ аудиторлық ұйымдардың ақпарат ұсыну мерзімін ұзарту 2020 жыл бойы қолданылады. Биржада тиімді жұмысты қамтамасыз ету мақсатында өз клиенттерімен және серіктестермен толыққанды байланыс телефон және видеоконференция арқылы реттелді.

Өз қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету және өз қызметкерлерінің денсаулығын қорғау мақсатында KASE COVID-19 коронавирустық инфекциясы жағдайында Жұмыс жоспарын өзгертіп, оны іске асыруда. Қызметкерлердің басым бөлігі Биржаның ресурстарына қашықтан рұқсаттама алу технологиясын пайдаланумен, қашықтан жұмыс жасау форматына ауыстырылды.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады, замани технологияларды иеленген және қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес сауда-саттықтық және сауда-саттықтан кейінгі қызметтердің толық спектрын көрсетеді.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

KASE жергілікті және шетелдік қатысушылар үшін айқын инвестициялық ортаны қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның экономикалық өсуіне себептеседі.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.